

## **"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері бар" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 қарашадағы N 2636 Заң күші бар Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

I. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 202-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Кіріспесіндегі "кәсіпорындардың, мекемелердің", "қоғамдық бірлестіктердің" сөздері алынып тасталсын;

2. 2-бапта:

үшінші абзац "әскери-саяси" сөздерінен кейін "және әскери" сөздерімен толықтырылсын;

жетінші абзацтағы "және басқару жүйелерін" сөздері "ұйымдарын" сөзімен алмастырылсын.

3. 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысы туралы заңдар Қазақстан Республикасының қорғанысы туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заң және өзге де нормативтік актілеріне негізделеді".

4. II-бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"II-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары".

5. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрамы мен мақсаты

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өзіне: әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлері - Құрлықтағы әскерлерді, Әуе қорғанысы әскерлерін, Әскери-әуе күштерін, Әскери-теңіз күштерін, тылды, Әскери-құрылыс бөлімдерін, әскери-оқу (оқу) орындарын; соғыс кезінде, оған қоса, Шекера және ішкі әскерлерін,

Республикалық ұланды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлерін, Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдерін (бұдан әрі - басқа әскерлер мен әскери құрамаларын) қамтиды.

Қазақстан Республикасының жекелеген әскери құрамалары біріккен (одақтасқан) қарулы күштердің (топтамалардың, әскерлердің) құрамына енуі немесе халықаралық шарттарға сәйкес біріккен командованиеде болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің мақсаты:

Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығы мен шекарасына қол сұғылмауын қорғау;

агрессордың шабуылын тойтару және оны жеңіліске ұшырату;

мемлекеттік және әскери объектілерді күзету мен қорғау;

басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерімен бірге халықаралық шарттарға сәйкес бірлескен қорғаныс жөніндегі міндеттерді орындау.

Қарулы Күштерді басқа жағдайларда қолдану Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. 5-бапта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылысының принциптері";

екінші бөлігі алынып тасталсын.

7. 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Әскерлерді орналастыру

Әскери бірлестіктерді, құрамаларды, бөлімдер мен мекемелерді орналастыру мен жайғастыру Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлеген жоспарларға сәйкес Қарулы Күштер Бас Қолбасшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына бөлінген жерлерге құрамалардың, бөлімдер мен мекемелердің орналастырылуы мен жайғастырылуы Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен соң Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының және Республикалық ұланы қолбасшысының шешімімен жүзеге асырылады";

8. 7, 8, 15, 18, 22, 25, 26, 27, 28, 34-баптарда:

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің", "Қарулы Күштердің", "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі", "Қарулы Күштер", "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін" сөздері тиісінше "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының", "Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрамалар", "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа әскерлері мен әскери құрамаларындағы", "Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрамалар", "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына" сөздерімен алмастырылсын.

9. 9, 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа әскерлері мен әскери құрамаларындағы саяси партиялардың қызметі туралы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында саяси партиялар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

10-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында заңдылықты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынысты әскери прокурорлар жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналасқан басқа мемлекеттердің әскери құрамаларының заңдылықты сақтауын қадағалау жасалған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызметшілер құқығын қорғауды, азаматтық және қылмыстық істердің қаралуын соттар жүзеге асырады".

10. III бөлімнің атауы және 11, 12, 12-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"III бөлім. Мемлекеттік органдардың қорғаныс саласындағы өкілеттігі және Қарулы Күштерге, басқа әскерлер мен әскери құрамаларға басшылық ету.

11-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысына, Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына басшылық ету

Қазақстан Республикасының қорғанысына, Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары - Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Тікелей басшылық ету:

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне;

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасына;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына;

Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері - Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлер Қолбасшысына;

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы - Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының Қолбасшысына;

Азаматтық қорғаныс басқару органдары мен бөлімдері - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасына; басқа әскери құрамалар - олардың бірінші басшыларына жүктеледі.

12-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады. Ол Мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету және оның Қарулы Күштерін үнемі жауынгерлік әзірлікте ұстау жөніндегі қажетті шаралар қолданады.

Қазақстан Республикасының Президенті:

әскери ілімді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының санын, әскери құрылысының, республика аумағын жедел жабдықтаудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын бекітеді;

Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған немесе оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қауіп төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жаппай жұмылдыруды жариялайды және бұл жайында дереу Республика Парламентін хабардар етеді;

соғыс кезінің нормативтік актілерін күшіне енгізеді және олардың қолданылуын тоқтатады, жұмылдырудан босату туралы шешім қабылдайды;

әскери ілімдердің қағидаларын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ұрыс қимылдарын жүргізуге шешім қабылдап, бұйрық береді;

әскери саладағы ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізіп, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды;

әскери басқару органдарының өкілеттігін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін белгілейді;

Қарулы Күштердің жоғарғы қолбасшылығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; жоғары әскери атақтар береді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының әскери антының мәтінін, жарғыларын, тулары мен жалауларын, әскери киім үлгілері мен айырым белгілерін бекітеді;

Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы шешім қабылдайды.

13-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Парламенті:

мемлекеттік қорғаныс пен қауіпсіздік саласындағы мәселелердің заң жүзінде реттелуін жүзеге асырады;

қорғанысқа бөлінетін жыл сайынғы шығыстарды бекітеді;

әскери атақтарды белгілейді;

Қазақстан Республикасының қорғаныс пен әскери ынтымақтастық мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарын бекітеді және күшін жояды;

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрамаларды пайдалану туралы шешім қабылдайды;

соғыс және бітім мәселелерін шешеді".

11. 15-бапта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатының негізгі бағыттарын белгілейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери құрамаларын қарумен, әскери техникамен және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады";

сегізінші абзацтағы "Қазақстан Республикасында әскери қызметшілердің әскери қызметтен өту тәртібі туралы ережелерді, сондай-ақ", "мен шақыруға дейінгілердің" сөздері алынып тасталсын;

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"экономиканы жұмылдыру жоспарларын жасауды ұйымдастырады, министрліктерге, ведомстволарға және меншік нысанына қарамастан, ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмылдыру резервтері мен жұмылдыратын қуаттарды жинақтау мен сақтау жөніндегі тапсырмаларды белгілейді";

он тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қаруды, әскери техниканы, қорғаныс объектілері мен басқа да әскери мүліктерді беру, жалға тапсыру, өткізу және кәдеге жарату тәртібін белгілейді";

бап мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша жасалатын өнімнің сапасына қойылатын талап пен техникалық қабылдау тәртібін бекітеді".

12. 16-бапта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің орталық әскери басқару органы болып табылады және оларды дамыту мен мемлекеттік қорғанысы жөніндегі міндеттерді орындау үшін дайындауға толық жауапты болады";

екінші бөлігінің:

жетінші абзацындағы "Армиясының" сөзі "Қарулы Күштерінің" сөздерімен алмастырылсын;

сегізінші абзац "өзірлейді" сөзінен кейін "және бекітеді" сөздерімен толықтырылсын, "мен шақыруға дейінгілердің" сөздері алынып тасталсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнаулы әскерлердің шұғыл мақсаттары мен міндеттерін және олардың Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құрамаларымен, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерімен өзара іс-қимыл жасай отырып пайдалануын айқындайды";

он төртінші және он бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтеген әскери қызметшілерді әскер қатарынан запасқа босатуды, әскери міндеттілерді әскери қызметке, жиындарға шақыруды, сондай-ақ азаматтарды соғыс кезіндегі жұмылдыру бойынша шақыруды, әскерден қайтару бойынша босатуды жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне, азаматтық қызметкерлеріне әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етеді, әскери қызметшілерді үлестің барлық түрімен жабдықтайды; әскери қызметтен босатылған офицер құрамындағы адамдарға, прапорщиктерге, мичмандарға, контракт бойынша қызмет атқарған әскери қызметшілерге зейнетақы төлейді, қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына көмек көрсетеді";

он алтыншы абзацтағы "саяси" сөзі "патриоттық" сөзімен алмастырылсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің қауіпсіздігін және өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады";

он сегізінші абзацтағы "Армияға, авиация мен флотқа жәрдемдесу жөніндегі ерікті қоғам мен әскери патриоттық клубтарға көмек көрсетеді" сөздері алынып тасталсын;

он тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шақыруға дейінгі және шақырылатын жастардың денсаулық жағдайын бақылауды жүзеге асырады";

бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Басқа әскерлер мен әскери құрамалардың басқару органдарының өкілеттігі тиісті ережелермен айқындалады";

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер тиісінше төртінші, бесінші, алтыншы бөліктер болып саналсын және мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы негізгі әскери басқару органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бейбіт уақытта Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрамаларының штабтарымен бірлесе отырып бірлескен қимылдарының нұсқаларын жоспарлайды және өзара іс-қимылын ұйымдастырады".

Соғыс кезінде Республиканың барлық әскери құрылымдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бағынысына көшіріледі. Бөлімдер мен бөлімшелерге басшылық ету және оларды жауынгерлік тұрғыда қолдану Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы әзірлеген жоспарлар бойынша жүзеге асырылады".

13. 17-бапта:

бап атауы, бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ұйымдардың өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жұмылдыру жоспарын әзірлейді, Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің мемлекеттік мұқтаждарын, сондай-ақ үкіметаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес қару-жарак, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды экспорттауды көздейтін мемлекеттік қорғаныс тапсырысының жобасын жасап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады.

Жұмылдыру жоспарын, мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын қалыптастыру, бекіту мен орындау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді";

төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөліктердегі "кәсіпорындар бірлестіктері" сөздері "ұйымдары" сөзімен алмастырылсын;

бесінші бөлік мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың әуе кемелеріне олардың өтінімдері бойынша әуе-жай жүйелерін ақысыз береді".

14. 18-бапта:

бап атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттігі";

бірінші және екінші бөліктердегі "мемлекеттік өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдары" сөздерімен алмастырылсын;

екінші бөліктің төртінші және жетінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскерлердің орналастырылуы мен пәтерлерге жайғасуына көмектеседі, шарттық негізде басымдық тәртібімен әскери бөлімдерге, мекемелер мен ұйымдарға жергілікті бағыныстағы кәсіпорындар өндіретін өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен азық-түліктің берілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сумен, электр және жылу энергиясымен үздіксіз жабдықталуы, байланыс құралдарының берілуі, коммуналдық-тұрмыстық және басқа да қызметтердің көрсетілуі үшін жауап береді";

"Қазақстан Республикасының заңдарымен өздеріне жүктелген есепті-шақыру және жұмылдыру жұмысын жүргізу жөніндегі шығыстарды жергілікті бюджетте қарастырады және олардың жұмсалуды жүзеге асырады".

15. 19-бапта:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"қорғаныс үшін қажетті қару-жарақ, техника мен басқа да мүлікті, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді, азық-түлікті, электр энергиясын, отынды, жанар-жағар май материалдарын жасау, өндіру, беру және жөндеу жөніндегі мемлекеттік қорғаныс мұқтажының өтінімдерін, шарттық міндеттемелерді басымдық тәртібімен орындайды, сондай-ақ мердігерлік жұмыстарды жүзеге асырады және әскери бөлімдерге коммуналдық, тұрмыстық қызмет көрсетеді:

өз қызметкерлеріне олардың әскери міндеттерін орындау үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қажетті жағдайлар туғызады"

бап мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмылдыратын қуаттарды жасау, ұлғайту мен сақтау, сондай-ақ жұмылдыратын резервтің материалдық құндылықтарын жинақтауды, жанартуды, сақтау мен оған қол сұғылмауын қамтамасыз етеді".

16. 20-баптың бірінші бөлігіндегі "Жоғарғы Кеңесі" сөздері "Парламенті" сөзімен алмастырылсын.

17. 21-баптың екінші бөлігіндегі "әскери прокурор және әскери-сот органдарының юрисдикциясы кеңейтіледі" сөздері алынып тасталсын.

18. 22-бапта:

бірінші бөлігіндегі "жаппай немесе ішінара" сөздері "ішінара немесе жаппай" сөздерімен алмастырылсын;

екінші бөлігіндегі "және оларды (жаппай жұмылдыру) немесе олардың қайсыбір бөлімдерін (ішінара жұмылдыру) бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру" сөздері алынып тасталсын.

19. 24-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:



"Әскери кадрларды даярлау мен қайта даярлау Қазақстан Республикасының әскери және азаматтық оқу орындарында, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде шет елдерде жүзеге асырылады".

20. 25-бапта:

бірінші бөлігіндегі "республика бюджетінде", "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі" сөздері тиісінше "республикалық және жергілікті бюджеттерде", "Қазақстан Республикасының Парламенті және мәслихаттары" сөздерімен алмастырылсын;

екінші бөлігіндегі "Стратегиялық Күштерді" сөздері алынып тасталсын.

21. 26-бапта:

екінші бөлігіндегі "Қорғаныс министрлігін, Республикалық ұланды, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Ішкі істер министрлігін, Шекара әскерлері мен Ішкі әскерлерді, Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан басқа да әскери ұйымдарды" сөздері "Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрамаларды" сөздерімен алмастырылсын;

үшінші бөлік мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру тәртібін, оны материалдық-техникалық жағынан және қаржымен қамтамасыз етуді, сатып алу шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Министрліктердің, ведомстволардың және басқа да мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаудан бас тартуға хақысы жоқ";

төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктер алынып тасталсын.

22. 27-баптың үшінші бөлігіндегі "мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына" сөздері "атқарушы органдарына" сөздерімен алмастырылсын.

23. 28-бапта:

бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорғаныс мұқтаждары үшін берілген жерлерді пайдаланған кезде Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрамалар Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті, ал орын ауыстыруы және көшірілуі кезінде босаған жерлерді өз есебінен толық қалпына келтіреді";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жерлерін және әскери объектілерінің жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін, соның ішінде басқа мемлекеттердің әскери құрамаларына жалға берілетін мүліктерін иелікке беру мен пайдалану тәртібі халықаралық шарттармен белгіленеді".

24. 29-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасын қорғау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен құрамаларында қызмет ету Қазақстан Республикасының әрбір азаматының қасиетті борышы әрі міндеті болып табылады".

25. 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Азаматтық қорғаныс

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы жалпы мемлекеттік қорғаныс шараларының құрамдас бөлігі болып табылады әрі бейбіт уақытты және соғыс кезінде республика халқы мен экономикасын табиғи зіл-залалар, ірі апаттар мен опаттар және агрессордың қазіргі замандағы қырып-жоятын құралдар қолдануы зардаптарынан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ төтенше жағдай пайда болған аудандар мен зақымдану ошақтарында құтқару жұмыстарын және басқа да кідіртуге болмайтын жұмыстарды жүргізеді.

Төтенше жағдай зардаптарын жою міндеттері, оларды ұйымдастыру мен жою тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді".

26. 32-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық қорғанысты Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырады және ол мемлекеттік шекараның учаскелерін қорғау, Қазақстан Республикасының аумағындағы маңызды объектілер мен коммуникацияларды қорғау мен агрессия болған жағдайда десанттар мен диверсиялық күштерге қарсы күрес, сондай-ақ соғыс жағдайы режимін ұстау мақсатында жүзеге асырылады".

27. 34-бапта:

бірінші және екінші бөліктердегі "сәйкес" сөзі "белгіленген тәртіппен" сөзімен алмастырылсын.

II. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және ведомстволарының осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілерінің қайта қаралуы мен күші жойылуын қамтамасыз етсін.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті